



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Идентификациялық карталар МАШИНАМЕН САНАЛАТЫН ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫ 1-бөлім

Машинамен саналатын төлқұжаттар

Карты идентификационные МАШИНОСЧИТЫВАЕМЫЕ ДОРОЖНЫЕ ДОКУМЕНТЫ Часть 1

Машиносчитываемые паспорта

ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1-2009

ГОСТ Р 52535.1-2006 Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын жол құжаттары. 1-бөлім. Машинамен саналатын төлқұжаттар (IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Идентификациялық карталар

МАШИНАМЕН САНАЛАТЫН ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫ

1-бөлім

Машинамен саналатын төлқұжаттар

ҚР СТ ГОСТ Р 52535.1-2009

ГОСТ Р 52535.1-2006 Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын жол құжаттары. 1-бөлім. Машинамен саналатын төлқұжаттар (IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК және № 34 «Ақпараттық технологиялар» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті («Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ негізінде) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2009 жылғы 27 қазандағы № 534-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ГОСТ Р 52535.1 – 2006 «Идентификациялық карталар. Машинамен саналатын жол құжаттары. 1-бөлім. Машинамен саналатын төлқұжаттар» Ресей Федерациясының стандартына сәйкес.

**4 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2014 жыл
5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістері туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде, ал өзгеріс мәтіні ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (жсою) немесе ауыстыру кезінде тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Төлқұжатқа қойылатын жалпы техникалық талаптар	3
	А қосымшасы (міндетті) Орыс алфавитіне арналған кириллица транслитерациясы	11
	Б қосымшасы (міндетті) Деректер бетінің машинамен саналатын деректер құрылымы	12
	В қосымшасы (ақпараттық) МСА бақылау цифрлары	15

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Идентификациялық карталар**МАШИНАМЕН САНАЛАТЫН ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫ****1-бөлім****Машинамен саналатын төлқұжаттар**

Енгізілген күні 2010-07-01**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт Қазақстан Республикасы азаматтарының машинамен саналатын шетелдік төлқұжатына қолданылады және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік төлқұжатқа (бұдан әрі – төлқұжат) қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы стандарттың талаптары халықаралық стандарттарда көрсетілгендерге сәйкес төлқұжаттан деректерді машинамен оқуға арналған бірыңғайландырылған автоматтандырылған жүйелері және көзбен бақылау тиісті құралдары болатын кез келген мемлекет шекарасынан өту кезінде төлқұжат иесінің жеке басының бірдейлігін қамтамасыз ететін халықаралық стандарт ретінде қабылданған Дос 9303 (1-бөлім) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының талаптарына және ұсыныстарына сәйкес келеді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжаттар керек:

ҚР СТ 1.9 – 2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында шет мемлекеттердің халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарын, басқа да стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ГОСТ ИСО 8601 – 2001 Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Күнін және уақытын көрсету. Жалпы талаптар.

ГОСТ 16330 – 85 Ақпаратты өңдеу жүйесі. Оптикалық оқуға арналған шрифттер. Типтері, негізгі параметрлері және өлшемдері.

ГОСТ 28540 – 90 Ақпаратты өңдеу жүйесі. Оптикалық оқуға арналған шрифт таңбаларына қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 29107 – 91 (МЭК 748-2 – 85) Жартылай өткізгіш құралдары. Интегралдық микросхемалар. 2-бөлім.

ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 – 2002* Идентификациялық карталар. Физикалық сипаттамалар.

ГОСТ Р ИСО/МЭК 14443-1 – 2004* Идентификациялық карталар. Байланыссыз интегралдық сызбанұсқаларға арналған карталар. Жақын әрекет ету карталары. 1-бөлім. Физикалық сипаттамалар.

Ресми басылым

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

Ескертпе Осы стандартты пайдалану кезінде үстіміздегі жылдың берілгені және үстіміздегі жылда жария етілген ай сайын басылатын көрсеткіштерге сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттар» жыл сайын басылатын ақпараттық көрсеткіші бойынша сілтеме стандарттардың қолданылуын тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталған жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Машинамен саналатын жол жүру құжаты; МСЖҚ: Иесі әр түрлі елдерге жол жүру үшін пайдаланатын (мысалы, төлқұжат, виза, жеке басын куәландыратын ресми құжат) және міндетті көзбен бақыланатын (оператор) деректері және ерекше міндетті қысқаша деректері бар, машинамен оқуға болатын пішінде ел немесе ұйым беретін ресми құжат.

3.2 Машинамен саналатын төлқұжат; МСТ: Төлқұжатты берген ел немесе ұйым, оның иесі туралы ақпарат және басқа да белгілеулері бар ID-3 өлшемді кітапша тәрізді құжат.

Ескертпе МСТ Doc 9303 (1-бөлім) талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3.3 МСТ деректер беті: стандарттық көзбен және машинамен саналатын деректері болатын белгіленген өлшемдегі МСТ беті.

Ескертпе Егер МСТ беті соңғы бет болып табылса, онда теріс жағымен МСТ бетіне жабыстырылады.

3.4 Машинамен саналатын виза; МОВ: Doc 9303 (2-бөлім) талаптарына сәйкес келетін виза (кіруге рұқсат).

Ескертпе МОВ төлқұжаттың визалық бетіне жабыстырылады.

3.5 Машинамен саналатын ресми жол жүру құжаты; МСРЖД: Берген ел мен қабылдаушы ел арасындағы келісім бойынша халықаралық сапарға арналған төлқұжат немесе виза функцияларын орындай алатын, машинамен саналатын ел немесе ұйым беретін жеке басының ресми куәлігі.

3.6 Машинамен саналатын аумағы; МСА: Машинамен саналатын міндетті және қосымша деректері болатын белгіленген кеңістік.

3.7 Тиімді саналатын аумағы; ТСА: МСА-дағы машинамен саналатын деректер құжатпен салыстырылып саналатын барлық МСЖҚ үшін ортақ белгіленген өлшемді кеңістік.

3.8 Көзбен тексеру аумағы; КТА: МСЖҚ бөліктері (МСТ пайдалану кезіндегі деректер беті) – беттік және теріс жағы (қолданылатын) МСА болып табылмайды.

3.9 Беретін мемлекет: МСЖҚ беретін ел.

3.10 Қабылдаушы ел: МСЖҚ иесі кіруге рұқсат алу үшін баратын ел.

3.11 Беретін ұйым: Ресми жол жүру билетін беруге өкілеті бар ұйым (мысалы, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі).

3.12 Ауқым: МСТ - дағы деректер элементі логикалық топтастырылған кеңістік.

Ескертпе МСТ үшін жеті аумақ анықталады.

3.13 **Өріс:** Ауқым құрамындағы нақты деректер элементін орналастыруға арналған белгіленген кеңістік.

3.14 **Тақырып:** белгіленген өріске арналған басылған сөз немесе фраза.

3.15 **Фотография:** Құжат иесі бетінің бейнеленуі.

3.16 **Биометрлік деректер:** Жабдық көмегімен оқу және тексеру үшін қабылдануға болатын пішінде құжатта сақталатын, жеке идентификациялық ерекше физикалық элемент (мысалы, құбылмалы тыс, саусақтың ізі немесе бет суреті).

4 Төлқұжаттарға қойылатын жалпы техникалық талаптар

4.1 Төлқұжат өлшемдері және төлқұжат деректерінің беттері

4.1.1 Төлқұжаттың номиналды өлшемдері және төлқұжат деректерінің беттері ID-3 (қалыңдығын есептемегенде) карталары үшін ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 талаптарына сәйкес келуге және 88,0 мм × 125,0 мм болуға тиіс.

4.1.2 Төлқұжаттың деректер бетінің жиектері мына тік үшбұрыштармен шектелген шектен шықпауға тиіс:

87,25 мм × 124,25 мм – ішкі тікбұрыш;

88,75 мм × 125,75 мм – сыртқы тікбұрыш.

Тақырып аумағын есептемегенде әрбір тиісті жиегінен 2,0 мм тұратын өрісте қандай да бір деректер болмауға тиіс (1-суретті қараңыз).

88,0 мм өлшемі төлқұжат беттерін тігуге ыңғайлы болу үшін арттыруға рұқсат етіледі.

4.1.3 Төлқұжат деректерінің толық дайындалған бетінің қалыңдығы (пластикпен бірге) 0,25 мм кем емес және 0,90 мм артық емес болуға тиіс.

Деректер бетінің қалыңдығының өзгеруі машинамен саналатын аумағының барлық ауданы бойынша 0,10 мм аспауға тиіс.


4.2 Физикалық сипаттамалар

4.2.1 Төлқұжаттарды дайындау кезінде пайдаланылатын материалдарға қойылатын талаптарды нақты төлқұжат түріне арналған техникалық шарттарда белгілеу керек. Сонымен қатар төлқұжат материалы онда орналасқан құрауыштарға әсер етпеуге тиіс.

4.2.2 Төлқұжат кәдімгі жағдайда оны пайдалану кезінде пайда болатын деформацияларға төзімді болуға тиіс. Төлқұжаттың сынған жері емес, бүгілген жері оны бұдан әрі пайдалану және оқитын құрылғының жұмысы үшін зиян келтірмей оқитын құрылғыда тегістелуге тиіс.

4.2.3 Төлқұжат уытты болмауға және ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 талаптарына қанағаттандыруға тиіс.

4.2.4 Төлқұжат химиялық заттар әсеріндегі сезімталдығы төлқұжатты қорғауды арттыру қажеттілікпен туындаған жағдайларды есептемегенде химиялық заттар әсеріне төзімді болуға тиіс.



Өлшемдері миллиметрмен берілген

1-сурет Номиналды өлшемдері және төлқұжат деректері беттерінің рұқсат етулері

4.2.5 Төлқұжат оны минус $10\text{ }^{\circ}\text{C}$ -тан бастап $50\text{ }^{\circ}\text{C}$ -қа дейін температурада пайдалану кезінде машинамен саналатын болуға және минус $35\text{ }^{\circ}\text{C}$ бастап $80\text{ }^{\circ}\text{C}$ дейінгі температурада сақтағаннан кейін қасиеттері сақталуға тиіс.

4.2.6 Төлқұжат ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 сәйкес 5 %-дан бастап 95 %-ға дейінгі салыстырмалы ылғалдығында, $25\text{ }^{\circ}\text{C}$ температура жағдайында оны пайдалану кезінде машинамен саналатын болуға және 0 %-дан бастап 100 %-ға дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдығында сақтағаннан кейін қасиеттері сақталуға тиіс.

4.2.7 Төлқұжат оны қалыпты жағдайда пайдалану кезінде жарық әсеріне төзімді және ГОСТ Р ИСО/МЭК 7810 талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

4.2.8 Деректер беті қорғаудың арнайы технологиясын қолдана отырып, кинеграфиялық үлдірмен (2-бет) ламинатталады.

4.2.9 Деректер беті қорғау үлдірдің теріс жағы болып табылады. Осы бетте Бірыңғай дербестеу орталығында лазерлік граверлеп істеу әдісімен төлқұжат иесі туралы ақпарат түсіріледі.

4.2.10 Төлқұжат тысында ГОСТ Р ИСО/МЭК 14443-1 бойынша ID-3 форматты интегралдық микросхемада жақын әрекет етудің байланыссыз картасы болады және ГОСТ 29107 талаптарына қанағаттандыруға тиіс. Деректер бетіне салынатын микросхеманың энергияға тәуелсіз жадының көлемі 64 КБ кем болмауға тиіс.

4.2.11 Интегралдық микросхеманың энергияға тәуелсіз жады оны арнайы құралдармен инициализациялағаннан кейін төлқұжат деректер бетіне түсірілетін цифрлік қол және биометрлік деректер – цифрлік фотография және заңмен белгіленген басқа деректер сақталуға және өндірілуге тиіс.

4.3 Қорғауды қамтамасыз ету

4.3.1 Төлқұжатқа енгізілетін элементтер мен қорғау құралдары оның тексеру сенімділігі қамтамасыз етілуге және оны оқуға кедергі туғызбауға тиіс.

4.3.2 Төлқұжатқа енгізілетін элементтер мен қорғау құралдары көзбен және/немесе

автоматты жасандылықты айқындауды жеңілдету үшін қызмет істейді және оны қолдан жасаудан, жасанды түрден, сондай-ақ төлқұжатты басқа тұлға пайдалану кезінде қорғауды қамтамасыз етеді.

4.3.3 Төлқұжатқа енгізілетін элементтер мен қорғау құралдары осы стандартқа қайшы келмейтін қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұлттық қауіпсіздік деңгейін ұстауға бағытталған арнайы талаптармен анықталады.

4.3.4 Деректер бетінің микросхемасында сақталатын ақпаратты криптографиялық қорғау жүйесі ұлттық қауіпсіздік талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

4.4 Құрастырудың жалпы ережелері

4.4.1 көзбен шолу құралдарын, машинамен оқу құралдарын қолданып оқу кезінде деректерді орналастырудың халықаралық біріздендіруді қамтамасыз ету үшін төлқұжат осы стандартта белгіленген стандарттық құрастыру талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4.4.2 Төлқұжат деректер бетін енгізілетін деректер жеті ауқымнан төмен емес болуға тиіс:

I – міндетті тақырып;

II – жеке сипатты деректер элементтері (міндетті және қосымша);

III – құжаттың деректер элементтері (міндетті және қосымша);

IV – иесінің қолы;

V – міндетті идентификациялық элемент;

VI – деректердің қосымша элементтері;

VII – міндетті машинамен саналатын ауқымы.

I-VI ауқымы көзбен тексеру ауқымы болып табылады (КТА).

Төлқұжат деректерінің беттері ауқымдарының орналасуы мен жүйелігі 2-суретте келтірілген. Төлқұжат деректері бетінің беттік жағын номиналды құрастыру мысалы 3-суретте келтірілген.

Төлқұжат деректері бетінің беттік жағы

Беттік жағының үсті

	01	Берген елі немесе ұйымы (ТАС)	I аумақ
	02	Құжаттың атауы (ТАС)	
	03	Құжаттың типі (2)	
	04	Берген елі немесе ұйымы (3)	
	05	Төлқұжаттың номері (9)	
19 Иесінің суреті	06	Тегі - негізгі анықтауыш (ТАС)	II аумақ
	07	Аты - екінші реттік анықтауыш (ТАС)	
	08	Азаматтықтың толық атауы (ТАС)	
	09	Туған жылы (15)	
	10	Есепке алу жазбалары (14)	
	11	Жынысы (3)	
	12	Туған жері (27)	
Y аумақ	13	Жеке деректердің қосымша элементтері (ТАС)	III аумақ
	14	Берген күні (16)	
	15	Құжатты берген өкілетті орган (ТАС)	
	16	Қолданылу мерзімінің аяқталу күні (16)	
	17	Осы құжаттың қос-ша элем-тері (ТАС)	
	18	Иесінің қолы немесе кәдімгі белгілер	IV аумақ
Машинамен оқылатын ауқым			V аумақ


Төлқұжат деректері бетінің теріс жағы

Теріс жағының үсті

20 Деректердің қосымша элементтері
VI аумақ

2-сурет – Деректер элементтерінің орналасуы мен реттілігі

Ескертпе ○ - өріс номері; ТАС таңбалардың айнымалы саны; жақшаларда таңбалардың максималды немесе белгіленген саны келтірілген.



Өлшемдері миллиметрмен берілген

3-сурет – МСТ деректер бетінің беттік жағын номиналды құрастыру

1-ескертпе 23,2 мм өлшемі үшін МСА 1,0 мм рұқсат етіледі және осы рұқсат ету шегінде КТА және МСА арасындағы шекара өлшемі 125,0 мм өлшемі үшін 0,5 мм артық ауытқымауға тиіс.

2-ескертпе А – осы сызықтан солға қарай МСА мәтін болмайды.

3-ескертпе Фондық мөрді есептемегенде 2,0 мм бүйір өрістердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мөр болмайды.

4.5 I-VI көзбен тексеру аумағы

4.5.1 КТА халықаралық практикада қабылданған бірыңғай талаптарға сәйкес келетін міндетті және қосымша аумақтардан тұруға тиіс.

4.5.2 КТА деректердің негізгі элементтерінің міндетті тақырыптары болуға тиіс (2-суретті қараңыз).

4.5.3 I-ауқым ($125,0 \pm 0,75$) мм тең барлық ені бойынша төлқұжат деректері бетінің үстіңгі жиегінде орналасуға тиіс. Аумақтың жоғары жиегі төлқұжат түбімен беттеседі. Аумақтың тіктігі бойынша өлшемі 17,9 мм аспауға тиіс.

4.6 КТА енгізілетін деректер

4.6.1 КТА пайдаланылатын шрифт гарнитурасы мен өлшемі ГОСТ 16330 сәйкес келуге тиіс. КТА – да ГОСТ 28540 бойынша тұрақты қалыңдықтағы штрихі болатын РОС-Б шрифтінiң I-типті өлшем белгілері және ені 2,54 мм аралығымен пайдалану керек.

4.6.2 КТА – дағы деректер бас әріптермен терілуге тиіс (жоғары регистр).

4.6.3 КТА-қа деректерді енгізу кезінде (А – Я) орыс және (А – Z) латын таңбаларын, сондай-ақ 0123456789 цифрларын пайдалану керек. Орыс алфавитті латын алфавиті

белгілермен транслитерациялау кезінде А қосымшасын пайдалану керек. Орыс тіліндегі деректер және олардың қайталануы латын белгілері көмегімен бос аралық, қиғаш сызық «/» және тағы бір аралықпен бір – бірінен бөлу керек.

4.7 YII міндетті машинамен саналатын аумақ

4.7.1 МСА төлқұжатты тексеруді жеңілдетуге және тексеру процедурасының уақытын қысқартуға арналған. Бұдан басқа МСА - КТА–дағы ақпаратты тексеру мүмкіндігін береді және деректер қорында сақталатын ақпаратты табу және тексеру үшін пайдаланылуы мүмкін.

4.7.2 МСА - Машинамен саналатын сонымен қатар көзбен тексерілетін және кез келген елдің технологиялық құрылымына және талаптарына үйлесімді хаттама түрінде берілетін халықаралық практикада қабылданған бірыңғай форматтағы деректер элементтері бар.

4.7.3 МСА пайдаланылатын шрифт гарнитурасы мен өлшемі ГОСТ 16330 сәйкес келуге тиіс. МСА тұрақты қалыңдықтағы штрихі бар және ені 2,54 мм аралықпен OCR-B шрифтінің I типті өлшемді таңбалары пайдаланылады. МСА–да деректерді жазу үшін OCR-B гарнитурасы 4-суретте келтірілген.

4.7.4 МСА–дағы деректер латын алфавитінің бас әріптермен (жоғары регистр) және 0123456789 цифрлермен жазылуға тиіс. Орыс алфавитті латын алфавиті белгілермен транслитерациялау кезінде А қосымшасын пайдалану керек. МСА–да орыс алфавиті белгілерін және диакритикалық белгілері қолданылуға рұқсат етілмейді.

4.7.5 КТА өрістеріне сәйкес келетін МСА–дағы деректер элементтері 5-суретте көрсетілген сияқты екі қатарда белгіленген ұзындықтағы өрістерде бірінші таңба позициясынан сол жағынан бастап МСА әрбір өрісінде басылады.

4.7.6 Егер өрісте енгізілген деректер осы өріске арналған таңбалар позициялары толмаса, онда қалған позицияларды толтыру үшін < символын пайдалану керек.

4.7.7 Төлқұжаттың сол жағынан бастап бірінші таңбаға дейінгі арақашықтық ($6,0 \pm 1,0$) мм тең болуға тиіс. Таңба қатарларына арналған бақылау осьтік сызығы және әрбір қатардың бірінші таңбасының минимальды бастапқы позициялары 3 және 5 суреттерде келтірілген. Таңбалардың орналасуы екі кодты қатарларға арналған осы бақылау сызықтары мен мөр аумақтарымен анықталады.

4.7.8 МСА машинамен саналатын қатарлар деректерінің құрылымы Б қосымшасында келтірілген реттілікке сәйкес келуге тиіс.

4.7.9 Машинамен саналатын қатарларды деректер құрылымындағы сенімділігі мен анықтығы үшін бақылау цифрларын енгізу керек. Бақылау цифрларын енгізу және есептеу мысалы В қосымшасында келтірілген.



4-сурет – МСА толтыруға арналған міндетті таңбалар


4.8 Идентификациялық бейнелеу элементтері

4.8.1 Идентификациялық бейнелеу элементтері – төлқұжат иесінің суреті және ІҮ және Ү аумақтарда сәйкесінше орналасқан оның қолы.

4.8.2 Өлшемі 45,0 мм × 35,0 мм болатын суреті цифрлық нысаннан өндіріледі және төлқұжат деректер бетінің сол жиегінен 2,0 мм артық емес КТА Ү аумағында лазерлік граверлеп істеу әдісімен түсіріледі. Фотография төлқұжат бергенге дейін 6 ай ішінде түсірілген болуға тиіс.

4.8.3 Түсірілетін сурет төлқұжаттың заңды иесінің беті қарсы алдынан, көзі ашық түсірілген болуға тиіс.

4.8.4 Төлқұжат иесінің түсірілген қолы КТА ІҮ аумағындағы мөр кезінде ауқымдылықпен цифрлық түрдегі түпнұсқа қолы түсірледі. Түсірілетін қолдың түсі фонға қатысты қарама-қарсы түс болуға тиіс.



Өлшемдері миллиметрмен берілген

5-сурет – МСА схемалық диаграммасы

Ескертпе – Диаграммада өлшемі 125,0 мм және МСА сол жақты өрісіне қатысты МСТ деректер бетіне қатысты рұқсат етілетін ең кіші өлшемдері келтірілген.

4.9 Биометрлік деректер

4.9.1 Төлқұжат деректер бетінен түсірілетін және сақталатын биометрлік деректер нақты түрдегі биометрлік деректеріне арналған стандарттар талаптарына сәйкес келуге тиіс.

А қосымшасы
(міндетті)

Орыс алфавитіне арналған кириллица транслитерациясы

А.1 кестесі

Орыс алфавиті таңбасы	Латын алфавит таңбаларының транслитерациясы
А	A
Ә	A
Б	B
В	V
Г	G
Ғ	G
Д	D
Е	E
Ё	E
Ж	ZH
З	Z
И	I
Й	I
К	K
Қ	K
Л	L
М	M
Н	N
Ң	N
О	O
Ө	O
П	P
Р	R
С	S
Т	T
У	U
Ү	U
Ұ	U
Ф	F
Х	KH
Һ	H
Ц	TC
Ч	CH
Ш	SH
Щ	SHCH
Ы	Y
Э	E
Ю	IU
Я	IA

Б қосымшасы
(міндетті)

Деректер бетінің машинамен саналатын деректер құрылымы
Б.1 кестесі – Машинамен саналатын жоғары қатардың деректер құрылымы

МСА-дағы таңбалар позициясы (1-қатар)	КТА-дағы өріс номері	Деректер элементі	Талаптар	Таңбалар саны
1 – 2	03	Құжат коды	Бірінші таңба МСТ белгілейтін Р әрпі болып табылады. Екінші таңба МСТ түрін белгілейді: С – азаматтық; S – қызметтік; D – дипломатиялық	2
3 – 5	04	Берген мемлекеті – Қазақстан Республикасы	KAZ	3
6 – 44	06, 07	Тегі, аты	Тегі мен аты екі толтырғыш таңбалармен бөлінеді (<<). Қос тегі немесе аты бір толтырғыш – таңбамен бөлінеді (<)	39 (тегі, аты және толтырғыштар (<<))
		Аттағы тыныс белгілері	МСА-ға тыныс белгілерін қолдануға тыйым салынады	
		Аттағы дәйекше	КТА құрастыру аумағында бір – бірінен бөлінген тегі немесе аттар толтыру – таңбасыз біріге жазылады (<). Мысалы: КТА: D'ARTAGNAN MOB: DARTAGNAN	
		Аттағы сызықша	Тегі немесе аттағы сызықша толтырғыш-таңбамен ауыстырылады (<)	
		Үтір	Екі бөліктен тұратын текті бөлу үшін КТА-да пайдаланылатын үтір МСА-да бір толтырғыш таңбамен (<) ауыстырылатын жағдайда анықтауыш екі толтырғыш таңбалармен бір – бірінен бөлінеді.	
		Титулдар мен лауазымдар	Титулдар мен лауазымдар (мысалы, кіші; аға; II немесе III) МСА енгізілмейді	
		Толтырғыш	Таңбалардың барлық пайдаланылмаған позицияларын 44 позицияға дейін толтырғыш таңбалармен толтыру керек (<)	

Б.1 кестесі (жалғасы)

МСА-дағы таңбалар позициясы (1-қатар)	КТА-дағы өріс номері	Деректер элементі	Талаптар	Таңбалар саны
		Аты – жөнінің қысқартылуы	Егер қажет етілетін тасымалдаумен бірге тегі немесе аттағы таңбалар саны (толтырғыш таңбалар) аты-жөнін жазуға арналған таңбалары болатын позициялар санынан асатын болса (яғни, 39), олар мына түрде қысқартылады: - таңбалар үш таңбалар позициясы босағанға дейін тегі немесе атынан алынып тасталады, олардың орнына екі толтырғыш – таңба (<<) орналастыруға болады және екінші реттік анықтауыштың бірінші құрастырудың бірінші таңбасы. Соңғы таңба (44 позиция) (А – Z) алфавиттік таңба болып табылады. Ол қысқарту болатынын көрсетеді.	

Б.2 кестесі – машинамен оқылаын төменгі қатардың деректер құрылымы

МСА-дағы таңбалар позициясы (1-қатар)	КТА-дағы өріс номері	Деректер элементі	Талаптар	Таңбалар саны
1 – 9	05	Төлқұжат номері	КТА – да көрсетілген төлқұжат номеріндегі кез келген арнайы таңбалар немесе аралықтар толтырғыш – таңбамен ауыстырылады (<). Номерден 9 позицияға дейін қажет болған жағдайда қайталанған толтырғыш таңба (<) керек.	9
10		Бақылау цифрлары	В қосымшасын қараңыз	1
11 – 13	08	Азаматтығы	KAZ	3
14 – 19	09	Туған жылы	Құрылымы YYMMDD болып табылады, мұндағы YY – жылы (2 позиция), MM – айы (2 позиция), DD – күні (2 позиция). Егер туған күні белгісіз болса, онда тиісті позицияда толтырғыш таңба (<) қою керек.	6
20		Бақылау цифрлары	В қосымшасын қараңыз.	1
21	11	Жынысы	F – әйел; M – ер; < - көрсетілмеген	1
22 – 27	16	Қолданылу мерзімінің аяқталу күні	Құрылымы YYMMDD болып табылады, мұндағы YY – жылы (2 позиция), MM – айы (2 позиция), DD – күні (2 позиция)	6
28		Бақылау цифрлары	В қосымшасын қараңыз	1

Б.2 кестесі (жалғасы)

МСА-дағы таңбалар позициясы (1-қатар)	КТА-дағы өріс номері	Деректер элементі	Талаптар	Таңбалар саны
29 – 42	10	Есепке алу номері немесе деректердің өзге де қосымша элементтері	Иесіне мемлекет немесе ұйым берген есепке алу номеріндегі бос аралықты қоса, кез келген арнайы таңбалар толтырғыш таңбамен ауыстырылады (<). Номерден кейін 42 позицияға дейін қажет болған кезде қайталанған толтырғыш – таңба керек. Егер жеке кодқа арналған өріс 29-42 таңба позициясына дейін пайдаланылмаса, МСА-ның екінші қатарында толтырғыш – таңбалармен толтырылуға тиіс (<) (сондай-ақ төменгі «бақылау цифры» 43 позиция таңбасын қараңыз.	14
43		Бақылау цифрлары	В қосымшасын қараңыз	1
			Егер жеке номерге арналған өріс пайдаланылмайтын болса және толтырғыш – таңбалар (<) 29 – 42 позицияларда қолданылатын болса, онда бақылау цифрлары мемлекет немесе ұйымның қарауы бойынша нольмен немесе толтырғыш – таңбамен (<) ауыстырылуы мүмкін.	
44		Қорытынды бақылау цифрлары	Номерлік өрістер бөлігі мен олардың бақылау цифры болып табылатын әріптерге арналған мәндерді қоса, 1 – 10, 14 – 20 және 22 – 43 позицияларда төменгі қатардағы машинамен саналатын деректердің барлық белгілеріне арналған қорытынды бақылау цифры	1

В қосымшасы
(ақпараттық)

МСА – дағы бақылау цифрлары

Машинамен саналатын төменгі қатардың деректер құрылымы (Б.2 кестесін қараңыз)
В.1 кестесінде келтірілген бес бақылау цифрінің енгізілуін қарастырады.

В.1 кестесі

Бақылау цифры	Бақылау цифрын есептеу үшін пайдаланылатын таңба позициясы (МСА төменгі қатары)	Бақылау цифрінің позициясы (МСА төменгі қатары)
Паспорт номері	1 – 9	10
Туған күні	14 – 19	20
Қолданылу мерзімінің аяқталатын күні	22 – 27	28
Жеке номері	29 – 42	43
Қорытынды бақылау цифры	1 – 10, 14 – 20, 22 – 43	44
	Е с к е р т п е – 11 – 13 және 21 позициялар құрамдық бақылау санының есептеуінен алынып тасталады.	

В.1 МСА – дағы бақылау цифрларын есептеу

Бақылау цифрлары 731 731 таразылық функциясымен үнемі қайталанатын 10 с модулі бойынша осылайша есептеледі:

В.1.1 1-кезең. Солдан оңға цифрлік деректердің тиісті элементінің әрбір цифрын тиісті реттік позицияда тұратын таразылық көрсеткішпен көбейту керек.

В.1.2 2-кезең. Әрбір көбейтінді нәтижелерін қою.

В.1.3 3-кезең. Алынған соманы 10-ға бөлу (модуль).

В.1.4 4-кезең. Алынған қалдық бақылау сан болып табылады.

В.1.5 Егер номер бос позицияларды толтыру үшін деректер элементтеріндегі барлық таңбалар позицияларында орын алмайтын болса «<» символы пайдаланылады және бақылау цифрын есептеу үшін нольдік мәні беріледі.

В.1.6 Егер бақылау цифрын есептеу А бастап Z дейін таңбаларда сәйкесінше 10-нан бастап 35-ке дейін мәндері болатын алфавит таңбалары бар деректер элементтерінде қолданылады.

A B C D E F G H I J K L M N O P Q R S T U V W X Y Z
10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31 32 33 34 35

В.1.7 1-мысал. Ай – күнді жазуға арналған өрісте бақылау цифрының қолданылуы

ГОСТ ИСО 8601 сәйкес цифрлік нысанда көрсетілген 1952 жылғы 27 шілде күнін мысал ретінде пайдалану кезінде есептеу осылайша жүргізіледі:

	Күні	5	2	0	7	2	7
	Таразылық Көрсеткіш 7	3	1	7	3	1	
1-кезең (көбейту)	Нәтиже	35	6	0	49	6	7
2-кезең (нәтижелер қосындысы)		35	+6	+0	+49	+6	+7 = 103
3-кезең (модуліне бөлу)		$\frac{103}{10} = 10$, қалдық 3					

4-кезең. Бақылау цифры қалдық 3-ке тең. Күні мен бақылау цифрын сәйкесінше 5207273 сияқты жазады.

В.1.8 2-мысалы. Құжат номерін жазуға арналған бақылау цифрының қолданылуы

Белгіленген ұзындықтағы өрістің 9 таңбасынан тұратын кодтау үшін мысал ретінде AB2134 номерін пайдалану кезінде есептеу былайша жүргізіледі:

Мысал ретінде келтірілетін деректер элементі	A	B	2	1	3	4	<	<	<
Көрсетілген цифрлік мәндер	10	11	2	1	3	4	0	0	0
Таразылық көрсеткіш	7	3	1	7	3	1	7	3	1
1-кезең (көбейту)	70	33	2	7	9	4	0	0	0
2-кезең (нәтижелер қосындысы)	70	+33	+2	+7	+9	+4	+0	+0	+0 = 125
3-кезең (модульге бөлу)	$\frac{125}{10} = 12$, қалдық 5								

4-кезең. Бақылау цифры қалдығы 5-ке тең. Номері мен оның бақылау цифрын сәйкесінше AB2134<<<5 сияқты жазылады.

В.1.9 3-мысал. МСА – да құрамдық бақылау цифрының қолданылуы

Құрамдық бақылау сандарын кодтау үшін мысал ретінде төменде келтірілген МСТ – да болатын МСА – да деректердің төменгі қатарын пайдалану кезінде есептеу былайша жүргізіледі:

1 – 43 таңбалар позициясы: «қосымша деректер» өрісінде әріптік – сандық таңбалар болмаған кезде мысал ретінде:

HA672242<6UTO5802254M9601086<<<<<<<<<<<<<0

Мысал ретінде келтірілген деректер элементі	Н	А	6	7	2	2	4	2	<	6
Көрсетілген цифрлік мәндері	17	10	6	7	2	2	4	2	0	6
Таразылық көрсеткіш	7	3	1	7	3	1	7	3	1	7
1-кезең (көбейту) Нәтиже	119	30	6	49	6	2	28	6	0	42
Мысал ретінде келтірілген деректер элементі	5	8	0	2	2	5	4	9	6	0
Көрсетілген цифрлік мәндері	5	8	0	2	2	5	4	9	6	0
Таразылық көрсеткіш	3	1	7	3	1	7	3	1	7	3
1-кезең (көбейту) Нәтиже	15	8	0	6	2	35	12	9	42	0
Мысал ретінде келтірілген деректер элементі	1	0	8	6	<	<	<	<	<	<
Көрсетілген цифрлік мәндері	1	0	8	6	0	0	0	0	0	0
Таразылық көрсеткіш	1	7	3	1	7	3	1	7	3	1
1-кезең (көбейту) Нәтиже	1	0	24	6	0	0	0	0	0	0
Мысал ретінде келтірілген деректер элементі	<	<	<	<	<	<	<	<	0	
Көрсетілген цифрлік мәндері	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Таразылық көрсеткіш	7	3	1	7	3	1	7	3	1	
1-кезең (көбейту) Нәтиже	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
2-кезең (нәтижелер қосындысы)	119	+30	+6	+49	+6	+2	+28	+6	+0	+42+
2-кезең (нәтижелер қосындысы)	15	+8	+0	+6	+2	+35	+12	+9	+42	+0+
2-кезең (нәтижелер қосындысы)	1	+0	+24	+6	+0	+0	+0	+0	+0	+0+
2-кезең (нәтижелер қосындысы)	0	+0	+0	+0	+0	+0	+0	+0	+0	
2-кезең (нәтижелер қосындысы)	= 448									
3-кезең (модуліне бөлу)	$\frac{448}{10}$									
	= 44 , қалдық 8									

4-кезең. Бақылау цифры қалдығы 8-ге тең. МСА – дағы деректер төменгі қатары осы құрамдық бақылау цифрымен сәйкесінше былайша жазылуы мүмкін:

HA672242<6UTO5802254M9601086<<<<<<<<<<<<<08

ӘОЖ 336.77:022:006.354

МСЖ 35.240.99

Түйінді сөздер: машинамен саналатын жол жүру құжаттары, машинамен саналатын төлқұжат, машинамен саналатын визалар, идентификациялық карталар, машинамен саналатын аумақ, тиімді оқу аумағы, көзбен тексеру аумағы, берген елі, қабылдаушы елі, беретін ұйым, биометрлік деректер, фотография



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Карты идентификационные

МАШИНОСЧИТЫВАЕМЫЕ ДОРОЖНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

Часть 1

Машиносчитываемые паспорта

СТ РК ГОСТ Р 52535.1-2009

ГОСТ Р 52535.1-2006 Карты идентификационные. Машиносчитываемые дорожные документы. Часть 1. Машиносчитываемые паспорта (IDT)

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и Техническим комитетом по стандартизации № 34 «Информационные технологии» (на базе АО «Национальные информационные технологии»)

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 27 октября 2009 года № 534-од

3 Настоящий стандарт идентичен стандарту Российской Федерации ГОСТ Р 52535.1 – 2006 «Карты идентификационные. Машиносчитываемые дорожные документы. Часть 1. Машиносчитываемые паспорта»

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

**2014 год
5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

